

КЫРГЫЗСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
ЖУСУПА БАЛАСАГЫНА

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

**АКТУАЛЬНЫЕ
ПРОБЛЕМЫ
ЮРИСПРУДЕНЦИИ И
МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА**


Сборник материалов международной
научно-практической онлайн-конференции
(17 апреля 2014 года)

Бишкек, 2014

| | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Борьба с созданием, использованием и распространением вредоносных компьютерных программ в рамках международных организаций Татаринов Д.В., Алиханова Л..... | 77 |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|

2. Актуальные проблемы национального права

| | |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Наркоситуация в Кыргызской Республике и меры противодействия Абдукаримова..... | 84 |
| Вопросы юридического определения экстремистских материалов, распространяемых через Интернет Амандосулы Б., Еликбаева М..... | 91 |
| Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің құқықтық мәртебесі Баймағамбетова З.М., Болат М..... | 94 |
| Проблема терроризма в сети Интернет и пути её решения Вега А., Бегжан А.М..... | 101 |
| Конституционно-правовые аспекты общественной стабильности в вопросах природопользования в постконфликтных обществах Ергобек Ш. К., Алтаева К. Ж..... | 104 |
| К вопросу о законодательном регулировании обыска и осмотра в контексте неприкосновенности частной жизни Ерджанов Т.К..... | 109 |
| Проблемы использования полиграфа при производстве следственных действий Камалова Л.Н..... | 113 |
| Основные направления деятельности прокурора по поддержанию государственного обвинения по делам о торговле детьми Камалова Л.Н..... | 119 |
| Некоторые вопросы образования заключенных в качестве мер их социальной реабилитации Курмангали М.Ш..... | 124 |
| ♣ Қазақстан Республикасындағы медиация институты Машимбаева Г.А., Арзымбетова М..... | 127 |
| ♣ Правовое регулирование Государственного протокола Республики Казахстан Машимбаева Г.А., Жунусова А..... | 132 |
| ♣ Факторинг шарты Машимбаева Г.А., Сегізбаева А..... | 137 |
| Брак несовершеннолетних. Проблемы ранних браков | |

- 
3. Тарабнина С.В. Образовательные программы в исправительных учреждениях США: Автореф. дисс. ... канд. пед. наук. – Рязань, 2003. – С. 19.
 4. Стручков Н.А., Щупилов В.П. Исполнение уголовного наказания в кап. странах. США, Япония. – М.: Академия МВД СССР, 1979. – 159 с.
 5. Стурова М.П., Чакубаш Ю.В. О пенитенциарной системе США // Экспресс-информация. Вып. 6. М.: Академия МВД СССР, 1991. – С. 14-15.
 6. Тюгаева Н.А. Образовательные программы исправления осужденных. – Рязань, 1997. – С. 92.
 7. Как заставить стандарты работать. Практическое руководство Penal Reform International по эффективному применению международных тюремных правил, подготовленное при содействии Министерства юстиции Нидерландов и при финансовой поддержке Института «Открытое общество», Будапешт. – М.: Издательство «Права человека», 1998. – 207 с.
 8. Цит. по. кн.: Пенитенциарная психология / Ю.А. Дмитриев, Б.Б. Казак. – Ростов н/Д: Феникс, 2007. – 681 с.
 9. Основы образования в местах заключения. Опубликовано Комиссией по предупреждению преступности и уголовному судопроизводству ООН и Институтом образования ЮНЕСКО в 1995 году // Материалы сайта: www.un.org.ru
 - 10 Резолюция 1990/20 Экономического и социального совета ООН // Материалы сайта: www.un.org.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫ

*Машимбаева Г.А.,
заң ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң
халықаралық құқық кафедрасының доценті
Арзымбетова М.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң
халықаралық қатынастар факультетінің
халықаралық құқық мамандығының
4-курс студенті*

Медиация (латынның *medius deuty* сөзі – екі көзқарастың немесе екі жақтың ортасында болу, орта жолды ұсыну, бейтарапты болу деген мағынаны білдіреді) – бұл, дау – жанжалға қатысушылардың, біріге отырып, пайда болған келіспеушілікті шешу процесі[1]. Айтылған процесстің белгілі бір жетістіктерге жету мүмкіндіктері зор, себебі мұнда ерекше процессуалдық жағдайлармен қатар медиатордың кәсіпкерлік көмегі, жақтардың бір келісімге келуіне бағытталған. Медиацияны кең танылған бітістіру мен табыстыру рәсімдерінің «кемелденген түрімен» салыстыруға

болады. Медиация көптеген ғасырлар бойы бейбітшілікті орнықтыру қызмет жолында қолданылғаны мәлім.

Қазақстан өзінің құқықтық қалыптасу кезеңін бастан кешіріп отыр. Қазіргі таңда осыған байланысты Елбасы Н.Ә.Назарбаев сот, құқыққорғау органдарының жұмысын жетілдіріп, құқыққорғау саласын реформалаудың байыпты жүргізілуін қатаң қадағалауда. 2011 жылдың 28 қаңтарында Елбасы дауларды шешудің косымша әдісі ретінде Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңына қол қойды[2].

Бүгінгі таңда, бүкіләлемдік тәжірибе, медиацияның ірі бизнестерден бастап, жанұялық дау – жанжалдарда, айрылысу мен дүниені бөлісу деген сияқты мәселелерде қолданылатынын дәлелдейді. Халықаралық санаққа жүгінетін болсақ, медиация арқылы бүкіл келіспеушіліктердің 30 – 40% осы процесс арқылы өтеді, сонымен қатар, ойдағыдай нәтижеге оның 85% ие болады [3]. Мұндай жетістікке жетудің өзі кездейсоқтық емес, себебі медиация бір шешімге келу мүмкіндіктері тәмамдалды деген жағдайларында да өз шешімін тауып, көптеген қаржылық шығындарға ұшырамай, және де бос уақытты шығын қылмай, жақсы достық, серіктестік, қарым-қатынастарды сақтап қалумен қатар абыройға кір келтірмеуге мүмкіндік береді.

Медиатордың негізгі қызметі - тараптардың бірлескен көзқарасқа келуіне барлық күш-жігерін салу. Тараптардың бірлескен көзқарасқа келуі, өткен келіссөздің аса дұрыс нәтижелі болды деген сенімін бекіте түседі. Осындай жолмен жетілген келісімде, жеке арақатынастық мәселелер қарастырылуы, яғни келісімде талқыланған жағдайлар ресми сот талқылау кезінде сыртқа шығарылып айтылмауы әбден мүмкін. Жетілген келісімнің жеке арақатынастық мәселелерге қатысты болуы, келісімнің аса берік болуына негіз болады.

Медиация түсінігі ХХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасып дами бастады. Ең алдымен АҚШ, Австралия, Ұлыбританияда, кейіннен Еуропа мемлекеттеріне таралды. Әрине, алғашқы медиацияны дауларды шешуде қолдану неке-отбасылық қатынастарында болды. Осы үдеріс уақыт өте тек аталып өткен неке-отбасылық қатынастарында ғана емес, сондай-ақ көпжақты сауда және жария ауқымындағы дау-дамайларды да қамтып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Халықаралық тәжірибеде медиацияны заңдастыруға байланысты мысалдар жеткілікті. Сәйкес актілер АҚШ, Австрияда, Германияда қабылданған. Еуропалық комиссия медиатор Кодексін бекітті, ал Еуроодақ медиаторлар қызметін реттейтін директивалар қатарын басып шығарды. Медиация туралы типтік заң БҰҰ халықаралық сауда құқығы бойынша комиссия басшылығымен жасалынды. Оның түсініктемелік жазбасында осы институт қолданыста бар мемлекеттердің медиация барысындағы жеткен заңдық тиімділігі бойынша үлгілер және келісімнің міндеттемелері мазмұндалған[4].

Кейбір сарапшылар медиацияның Қазақстан Республикасында даму мүмкіндігінің аздығын мәлімдейді. Мұндай мүмкіндіктің аз болуы, жақтардың тым ашушаң әрі сенімсіз болуы себебінде деген ой – пікірлер аз емес. Сонымен қатар, Ресей Федерациясында медиаторлар саны шығыны 100 млн долларға жететін келіспеушіліктерді айтарлықты жоғары дәрежеде қарастыруда, алайда бастапқыда, дауласып жатқан компанияларды бітістіру мүмкіндігі тым аз болған еді. Сенімсіздік көзқарастағы сарапшылардың пікірлерін өзгертуге Қытай елінің медиацияны дамытудағы үлгісі негіз болады. Қытай елінің өкіметі 10 жыл ішінде медиацияға деген қызығушылықтың туындауына қол жеткізді. Қазіргі таңда медиация арқылы келіспеушіліктердің, шамамен, 40%-ын қарастыру нәтижесінде елді жаулап алған корпоративтік жанжалдардың мәселесі шешілді. Медиациямен көптеген мемлекеттік жүйелер мен жеке мекемелер көптен бері айналысады. Ең танымал болған медиация орталықтары - Ұлыбритания, Франция және де Италия.

АҚШ –та соттардың қарамағында медиация арқылы келіспеушіліктерді қарастыруға арналған орталықтар мен кеңестері құрылған, ал медиаторлар ретінде экономиканың, құқықтың және де өндірістің әртүрлі салаларында құзырлы әрі беделді адамдар таңдалған.

Біздің елде медиация сияқты келіспеушіліктерді қарастырудың альтернативтік инструментінің дамуы - өркениетті құқықтық кеңістіктің әрі жоғары сатылы демократиялы қоғамның көрсеткіші болып табылады.

Медиация дауларды шешудің альтернативті жолы ретінде дауласушы жақтардың ұзақ және қымбат сот рәсімдерінен бас тартуына және медиатордың көмегімен дауды бейбіт шешуге мүмкіндік береді. Бүгіндері күн тәртібінде заңдағы медиацияның тәжірибесін дұрыс бейнелеу және оны тарату мәселесі тұр.

Қолданбалы рәсімдер үдерісінде қатысу шарттарының бірі тараптардың келісімді түрде өз еркін білдіруі болып табылады. Сонымен қатар, тараптар кез келген уақытта медиация жалғастығынан бас тартып, сотқа жүгіне алады. Медиатор алаламайтын, тәуелсіз және тараптардан бейтарап болуы тиіс және дауласушы тараптардың біріне жағымды қарым-қатынас танытуға тиіс емес. Медиацияға қатысу артықшылықтарының тағы біреуі үдерістің құпиялылығы болып табылады. Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Ұлтымыздың тарихында билер институты болған. Билердің негізгі шешетін мәселесі – келген шығынды қалпына келтіріп, дауласушыларды бітімге жеткізіп, екі тарапты да қанағаттандыру.

«Медиация туралы» Заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларды шешуге қолданылады [5]. Сонымен қатар, медиатордың құқықтық жағдайы ҚР Қылмыстық іс жүргізу Кодексінде де көрсетілген [6]. Әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделеріне қатысты, тараптардың бірі мемлекеттік

орган болып табылатын дауларға, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша қолданылмайды. Медиаторлар тізіміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады. Медиатордың қызметі кәсіби негізде (кәсіпқой медиатор) және кәсіби емес негізде (қоғамдық медиатор) жүзеге асырылуы мүмкін. Қырық жасқа толған және кәсіпқой емес медиаторлар тізімінде тұрған тұлғалар медиатор қызметін кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады. Ал, негізінен медиатор болу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын тәртіппен даярлау бағдарламасынан өткендігі жөнінде сертификат алуы, жоғары білімі болуы шарт. Ол адам жиырма бес жасқа толуы және кәсіпқой медиаторлар тізімінде тұруы қажет [7].

Кезінде Авраам Линкольн: «Соттасудан аулақ болыңдар. Өз қарсыласыңызды бітімге келуге көндіріңіз. Соттағы бір жеңісіңіз – шығындар мен уақытты жоғалтудағы нақты жеңілісіңіз болып табылады», - деген екен. Бұған дауласушы адамдардың жақсы, өркениетті қарым-қатынастарының жоғалуын, олардың жалпы өмір сапасының (денсаулық, еңбектегі табыс және т.б.) нашарлауын қосыңыз. Заң ережелерін қолданысқа барынша белсенді түрде енгізу, оның өміршеңдігін қамтамасыз ету – қоғам мен халық үшін жасалған игілікті іс болмақ.

Бұлай тұжырым жасауға негіз де бар, себебі, бұл заң: «Қазіргі таңда соттарға түсіп отырған өте жоғары іс жүктемесін кемітіп, сот төрелігінің сапасының артуына, сыбайлас жемқорлық көріністеріне, құқықбұзушылықтар мен қылмыстарға құнарлы негіз болып отырған жайттардың жолын кесін, кемітуге септігін тигізери анық деген сенімдеміз», - деген кіріспе сөзбен ашты. Аталған заң даудың бітімгершілік жолмен екі жаққа бірдей тиімді шешілуіне, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, сондай-ақ қылмыстық құқықтағы жеңіл дәрежедегі қылмыстар бойынша жәбірленушілер мен айыпталғандардың кешірімге келуіне, қылмыстық құқықты ізгілендіруге ерекше үлес қосары сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің жаңа редакциялық талаптарына сай, соңғы кездері сот істерін баламалық негізде шешуге айрықша көңіл бөлінуде. Бұл заң алдағы уақытта халық пен сот билігі арасындағы ашықтық пен жариялылықты, әсіресе қарапайым халықтың соттарға деген сенімін одан сайын арттыра түспек. Өйткені дауларды сотқа дейін бітімгершілікпен шешу тәсілін заң жүзінде енгізу, оны халық арасында жариялы түрде талқылау, сондай-ақ дау шешімдерінің бірнеше баламалы институттарын енгізу идеясы, дауласушы тараптардың дауы қиын жағдайда осындай тәсілмен тиімді жол табуға мүмкіндік туғызатынын өмірдің өзі көрсетіп берді.

Дауларды сотқа дейін баламалы негізде шешудің конституциялық негізгі принципі Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 1-бөлігінде «Өркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда,

заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы» екені анық көрсетілген [8]. Бұл – әр азаматқа қатысты даулы істі бітімгершілікпен шешуге сілтеме беріп тұрған айқын да анық құқықтық тұжырым.

Соның ішінде еліміздің сот төрелігіне медиация институтын заңдылық тұрғыдан енгізу, оны айналымдағы заңдармен тең дәрежеде қолданудың негізгі принциптері, рәсімдері, медиатордың құқығы мен міндеттері, конфиденциалдығын сақтау жөніндегі кепілдік және келісімді бекітудің тәртібі, сондай-ақ қоғамдық ортада орын алған әртүрлі дауларды шешуде бұл тәсілдің тиімділігі жоғары екенін көрсеткен бірқатар елдердің тәжірибесі жан-жақты түрде бағамдалды.

Осы медиация, яғни бітімгершілік – біздің ата-бабаларымыз Қазақ елінің дәстүрлі құқығының негізінде мыңдаған жылдар бойы ұстанып келе жатқан бітімгершілік жолы. Ендеше, медиация бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің өркенді жолын жақсы қырынан дамытуға, оның саяси құқықтық тұжырымдамасы мен баянды бағдарламаларына мінсіз қызмет көрсететінін нық сеніммен айтуға әбден болады.

Бүгінгі заман талабына сай және сот реформасын одан әрі тереңдету мақсатындағы басынан қолданысқа енгізілген «Медиация туралы» заңның қоғамдағы құқықтық қатынастарды реттеудегі маңыздылығы туралы айтқанда, осы заңның қылмыстық істер бойынша қолданылуы жайлы тоқталайық.

2011 жылдың 18-қаңтарынан қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қылмыстық заңнаманы либерализациялау жүзеге асырылды. Бұл деген еліміздің сот жүйесіне медиация институтын енгізу – мемлекет тарапынан атқарылып жатқан заңнаманы жетілдіруге, сот беделін кемелдендіруге өз уақытында қосылған жетістік.

Жоғарыдағы айтылған жағдайлардың бәрін ескере келе, келесідей өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді және шараларды қолдануды ұсынуға болады:

- Әр түрлі құқық салалары мамандықтары дисциплиналарына кәсіби медиаторларды даярлау жүйесін енгізу;

- Халық арасында медиация ұғымын кеңінен таратуға мүмкіндіктер жасау;

- Сот кеңсесі жанынан медиаторларға арнайы мекеме беру;

- «Медиация туралы» заңнамада кәсіби медиаторлардың жалақысының максималды және минималды сомасын нақты даудың дәрежесіне қарай көрсету;

- Азаматтық даулардың кейбір нақты түрлеріне медиацияны қолдануды міндеттеу;

- «Медиация бойынша жедел желі» мемлекеттік арнайы қызметін құру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Independent Arbitration Centre» мекемесінің ресми сайтында жарияланған мақала //2011.
2. Г.Базылқызы, мақала, Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет//15.06.2011;
3. Филиал Общественного Объединения «Досудебное разрешение конфликтов или что такое медиация?»// 2012.
4. Блакитная О.С. Правовое регулирование процедуры посредничества на общеевропейском уровне // Третейский суд. 2007. N 3.
5. ҚР Қылмыстық Кодексі.
6. ҚР Қылмыстық іс жүргізу Кодексі.
7. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы».
8. Қазақстан Республикасы Конституциясы.

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРОТОКОЛА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Машимбаева Г.А.,
к.ю.н., доцент кафедры международного права
КазНУ им. аль-Фараби
Жунусова А.,
студентка 4 курса
факультета международных отношений
КазНУ им. аль-Фараби*

Развитие протокольного церемониала на территории Казахстана связано с возникновением в VIII-III вв. до н.э. первых сакских государств. Сакки пытались регулировать свои отношения с чужеземцами через обряды жертвоприношений духам предков, относя их к государственным деятелям.

В период кочевой империи гуннов, вследствие активной внешней политики, складывались традиции, обычаи и церемониал межгосударственного общения, способствовавший социально-экономическому и культурному развитию.

Создание крупного государства в период Золотой Орды подняло существовавшие традиции и церемонии тюркских народов на уровень соответствовавший масштабам государственного образования того времени.

Церемониал Казахского ханства в середине XV века под влиянием внешних факторов развивался по-новому:

- взаимоотношения со Среднеазиатскими ханствами и Китаем способствовали развитию в церемониале особенностей восточной дипломатии;
- связь с мусульманскими государствами способствовала образованию в церемониале исламских традиций;